

Оңтүстік – Шығыс Азиядағы қытай миграциясы

Қазіргі таңдағы миграциялық қозғалыстың мәселелері ішінде қытай миграциясының тенденциясы әлем назарын өзіне аудартып отыр. Себебі Қытай Халық Республикасы әлемде үлкен миграциялық потенциалға ие. ҚХР халқы жөнінде әлемде бірінші орында 2014 жылғы наурыздағы мәлімет бойынша 1364218000 адамды (әлем халқының бестен бір бөлігін) құрайды [1].

Қытай ашылғанға дейін ондағы көші – қон үрдісі қатаң бақыланып, отанына опасыздық жасаумен теңестірілген болатын. Ол кезеңде тек көпестер мен таңдаулы тұлғалар ғана шекара асу құқығына ие болған. Алайда Қытайдың апиын соғыстарында жеңіліс табуы ол тыйымның жойылуына алып келді. Сол себептен Қытайдың жаңа миграциялық тарихын 1860 жылдан бастап санаған дұрыс [2].

Қытайдың Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерімен қарым-қатынасындағы маңызды аспект қытайлардың бұл мемлекеттерге иммиграциясы болып тыбылады. Әлемдік қауымдастық қытай миграциясы феноменіне 1980 жылдары көңіл аудара бастады. Қытай иммиграциясының белсенділігі 1980 жылдары өсіп, миллиондаған қытайлар өндірістік дамыған мемлекеттерге көшті. Алайда XX ғасырдың соңынан бастап жаңа тенденция байқалды: қытайлардың көпшілігі Оңтүстік-Шығыс Азия, Латын Америкасы және Африканың дамушы мемлекеттеріне иммиграциялай бастады. «Жаңа» қытай иммигранттары кедей, білімі төмен, шет тілін меңгермеген және шетелде жақсы табыс көзін іздеген шаруалар болған «бұрынғы» қытай иммигранттарынан ерекшеленеді. Білімі жоғары және қалталы «жаңа» қытай мигранттарының біраз бөлігі Оңтүстік - Шығыс Азия, Латын Америкасы және Африка елдеріне 1990 жылдардан бастап Қытай экономикалық экспансиясының басталуы мен аталған аймақ мемлекеттерімен достық қарым-қатынастарының қарқынды жүргізілуі кезінде келе бастады.

Оңтүстік-Шығыс Азияға қытай миграциясын төрт кезеңге бөліп қарастыруға болады. Бұл аймақта «жаңа» қытай миграциясына дейін Қытайдың географиялық жақындығынан тарихи қытай иммигранттары тұрған. Қытай саудагерлері аймақта 2 мың жыл бұрын пайда болған.

Оңтүстік-Шығыс Азияға жаппай қытай миграциясының бірінші толқыны XVII ғасырдың ортасында еуропалықтар келгеннен кейін басталды. Ерте кезеңде Оңтүстік-Шығыс Азияны барлық еуропалық отарлаушы үкіметтер сауда порттарын салу мен дамыту үшін қытай саудагерлері мен колөнершілерін тартуға тырысқан. Қытай мамандарының бағалауынша, XIX ғасырдың ортасында Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде шамамен 1,5 млн қытайлар тұрған [3].

Қытай иммиграциясының екінші ағымын XIX ғасырдың екінші жартысында Екінші апиын соғысында (1856-1860) Қытайды Ұлыбритания

мен Франция жеңгеннен кейін басталған жалдамалы кара жұмысшылар миграцияның ағымы деп атауға болады. Жеңген жақтың қысымы бойынша Қытай үкіметі жұмысшылар жалдауға рұқсат берді. XIX ғасырдың соңынан XX ғасырдың басына дейін 5 млн-ға жуық қытай жұмысшылары шетелге экспортталды, оның ішіндегі көп бөлігі Оңтүстік-Шығыс Азияға шахталар мен плантацияларға жіберілді. 1920 жылдары Оңтүстік Азиядағы қытайлар, шетелде туылғандарын қосқанда шамамен 5 млн құрады.

Қытай миграциясының үшінші ағымы негізінен 1920-1930 жылдары Оңтүстік-Шығыс Азиядағы экономикалық өсімнің басталуымен байланысты. Батыстан инвестициялар өсіп, сол кездегі заманауи экономиканың өндірістік секторы құрылды. Оңтүстік-Шығыс Азиядағы қытай қауымдарының өсуі орын алды. Оған қоса бұл кезең шетелдегі қытай қауымдарының өсуі мен Оңтүстік-Шығыс Азиядағы панқытайлық ұлтшылдықтың таралуымен сипатталады. Оңтүстік-Шығыс Азияда 1940 жылдардың ортасында 7 млн қытай, ал 1950 жылдардың басында 10 млн-ға жуық қытай өмір сүрген. 1950-1980 жылдар аралығында Оңтүстік-Шығыс Азияға қытайлардың жаппай ағымы 300 жылдан астам уақытта алғаш рет тоқтады. Қытай Коммунистік партиясының үкіметі шетелдік миграцияға тыйым салды, ал көптеген иммигранттар көзін құртуға тиіс буржуазия деп есептелінді. Өз кезегінде, барлық Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінің үкіметтері тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін құрлықтық қытайларға мемлекеттеріне енуге тыйым салды. Мұндай жағдай 1980 жылдардың ортасына дейін сақталды. Бұл кезеңде қытайлар Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттеріне келмегеніне қарамастан, халықтың табиғи өсімі негізінде Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттеріндегі қытай халқы 1990 жылдары 20 млн-ға жетті [3,176 б.]. Сол кезде этникалық қытайлардың көпшілігі Индонезия, Малайзия, Тайланд және Сингапурда өмір сүрді.

Қытай миграциясының қазіргі немесе «жаңа» кезеңі 1980 жылдардан басталды. «Жаңа қытай иммигранттары» термині 1980 жылдардан бастап ҚХР-дан эмиграциялаған қытайларға қатысты қолданылады және өздерінің алдындағы эмигранттардан ерекшеленеді. Термин өзге мемлекеттердегі қытай қауымдарын немесе қытай эмиграциясын зерттеуші ғалымдар арасында кеңінен қолданысқа енді.

XV ғасырдың ортасы мен XX ғасырдың басына дейін Оңтүстік-Шығыс Азия Қытайдан эмиграцияның негізгі аймағы болып келді, эмигранттардың 80%-ы сонда шоғырланды. 1980 жылдары басталған қытай иммиграциясының жандануымен Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттері 1990 жылдарға дейін жаңа қытай мигранттарының келу нүктесі болмады. 1990 жылдардың ортасынан бастап жаңа қытай мигранттары ағымының бағыты бірқатар өзгерістерге ұшырады. Олардың көпшілігі дамушы мемлекеттерге бағытталды, әсіресе 2000 жылдардың басынан бастап Оңтүстік -Шығыс Азия, Африка, Оңтүстік Америка және Ресей иммиграцияның негізгі аймағы болды.

Оңтүстік-Шығыс Азия Қытаймен көрші және экономикалық қатынастары салыстырмалы түрде жақсы дамыған, аймақ мемлекеттерінде ірі

қытай қауымдары бар болғандықтан жаңа қытай мигранттары Оңтүстік - Шығыс Азияға жолға шығынды аз жұмсап және жұмысты оңай таба алады. Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттердің экономикалық деңгейлеріне қатысты дамыған мемлекеттерді (мысалы, Сингапур), дамушы (мысалы Мьянма) сияқты мемлекеттерді қосатын әр түрлі елдерден тұратын аймақ болып табылады. Сол себептен жаңа қытай мигранттарының түрлі топтары әр мемлекетте түрлі қызмет ету саласында қатыстырылған.

Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттері қытай мигранттарының көп ғасырлар бойына негізгі келу нүктесі қызметін атқарған болатын. Алғашқы қытай мигранттары да ақша табу мақсатында елдерінен кетіп, жұмыс күшін қажетсінетін елдерде жұмыс жасаған. Олардың негізгі бөлігін қара жұмысшылар құраған. Сәйкесінше, мигранттар құрамының негізі еңбек жасындағы ер азаматтар болған. Бұл Оңтүстік-Шығыс Азиядағы қытайлар санының көптігін түсіндіретін негізгі себеп болып табылады. Колониалды кезеңде пайда болған Оңтүстік-Шығыс Азиядағы қытай мигранттары әлемдегі ең бұрынғы және ең көп қытай диаспораларына жатады. Шетелдегі қытайлықтардың 75%-ы Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде тұрады. Олардың саны 2009 жылғы санақ бойынша 28,2 млн адамды құраған. Этникалық қытайлықтар бұл елдердің халқының 6%-ын құрайды: Сингапурда – 76%, Малайзияда – 24%, Тайландта – 14%, Брунейде – 11,2%, Индонезияда – 3%, Лаоста – 3%, Мьянмада – 3%, Филиппинде – 1,5%, Вьетнамда – 1,1%, Камбоджада – 1% [4].

Алайда қазіргі таңда қытай мигранттарының жаңа ағымының пайда болуы «жаңа» миграция ұғымын тудырды. Мұның бұрынғы миграциядан айырмашылығы мигранттар құрамында, бұрынғы кезеңде көпшілігі қара жұмысшылар болса, қазіргі таңда біліктілігі жоғары мамандар мен кәсіпкерлер болып келеді. Миграцияның «жаңа» толқыны Қытай экономикасының қарқынды өсуінің және Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерімен экономикалық байланыстарының тереңдеуі нәтижесінде пайда болды. Сонымен қатар қытай үкіметінің ғылыми – зерттеу саласына үлкен көңіл бөлуі мен қытай жастарының шетелде оқуы, зерттеу жұмыстарын жүргізуін қолдауы жастардың миграциясына серпін беруші күш болды.

Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттеріндегі «жаңа» қытай мигранттарының саны 2,3-2,6 млн адамды құрайды, оның 1-1,1 млн Мьянмада [5]. Мьянмадағы қытайлардың негізгі бөлігі жаңа мигранттар болып табылады. 1950-1980 жылдар аралығында Мьянмадағы қытайлар саны 350-400 мың адамды құраған. 1980 жылдардың ортасынан бастап ҚХР Мьянмамен белсенді сауда қарым-қатынастарын жолға қойды. Нәтижесінде, Қытай кәсіпкерлері Мьянма экономикасын белсенді игере бастауынан, белсенді миграция үшін жол ашылды. Мигранттардың көпшілік бөлігін жұмысшылар мен мамандар құрайды.

Соңғы он жылда Қытайдан миграцияның қарқынды жүруі Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінде орын алуда. Бұл негізінен Қытай мен АСЕАН арасындағы экономикалық қатынастардың дамуы мен Қытай экономикалық

экспансиясының орын алуымен ынталандырылады. Оңтүстік-Шығыс Азиядағы Мьянма, Лаос, Камбоджа және Тайландтың солтүстік бөлігі сияқты өндірістік орталықтардан алыс аймақтар қытай иммиграциясының жаңа аймағы болды. Жаңа қытай мигранттарының көпшілік бөлігі Қытай университеті немесе колледждерінің бітірушілері және қытай қоғамының потенциалды элитасы болып табылады. Иммиграцияның бұрынғы кезеңдерімен салыстырғанда қытайлардың өздерінің де шығу тегі өзгерді. Бұған дейін Оңтүстік-Шығыс Азиядағы қытайлар Оңтүстік-Шығыс Қытайдағы Фуцзянь және Гуандун провинцияларынан болса, жаңа қытай иммигранттары Оңтүстік-Шығыс Азияға Қытайдың барлық аймағынан аттанады. Соңғы жылдары Хунань, Сычуань және Хубэй сияқты батыс және орталық провинциялардан келетін иммигранттар санының өсуі байқалады.

Дамыған мемлекеттерге қытай миграциясының транзиттік аймағы болып табылатын Тайланд «жаңа» мигранттардың белгілі бір бөлігінің қабылдаушысы болды. Негізінен басында транзиттік мигранттар болып, Тайландқа келгеннен соң олар әрі қарай көшіп-қонудан бас тартты. Тайландтағы «жаңа» мигранттар саны 350-400 мың адамды құрайды. Олар көбінесе, саудагерлер, менеджерлер және техникалық мамандар, компания қызметкерлері, аутсорсинг мамандары болып табылады.

Сингапурдағы «жаңа» мигранттар 350-380 мың адамды құрайды. Олар негізінен студенттер, мамандар, саудагерлер мен жұмысшылардан тұрады. Қытайдан Филиппинге де баратын мигранттар ағымы өсуде, олар негізінен эмиграциялық қауымдастықтарды қолдана отырып қоныс аударады. Олардың саны 150 – 200 мың адамды құрайды. 1990 жылдары Сингапур, әсіресе, дамыған мемлекеттерде ғылыми дәреже алған қытай мамандары мен студенттерінің қызығушылығын тудырды.

Кіру заңнамасының ерекшелігіне байланысты инвестор – иммигранттарды тарту мен жұмыс күшінің белсенді экспортының салдарынан Филиппиндегі мигранттардың негізгі бөлігі кәсіпкерлер мен мамандар болып табылады.

Қазіргі таңдағы Малайзияға миграция құрылымы жағынан әр түрлі. Мұндағы жаңа мигранттардың саны 100-150 мың адамға жетеді. Малайзияға қытай студенттері оқуға, кәсіпкерлері мен мамандары ақша табуға, зейнет жасына шыққан зейнеткерлер мен тұрмысқа шығатын қыздар қоныс аударады. 2003 жылдың өзінде Малайзияға тұрмысқа шығу жолы арқылы қоныс аударғандар саны 2710 адамды құраған [5]. Малайзия қытай туристтері, кәсіпкерлері мен студенттерін тарта бастады.

Лаос пен Камбоджада жаңа мигранттар саны 150-200 мың адамға жетеді. Бұл елдерге миграция ең алдымен компанияның жобалық және құрылыс қызметтерін атқаратын қызметкерлері мен жұмысшылары, сонымен қатар кәсіпкерлер мен ауыл шаруашылығы жұмысшылары арқылы жүзеге асырылады.

Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттеріне «жаңа» миграция саны «бұрынғы» миграция мен оның нәтижесінде пайда болған қытай диаспорасы санымен салыстырғанда аса көп емес. Сол себепті Лаос, Камбоджа, Мьянма

сияқты қытай диаспорасы салыстырмалы түрде аз мемлекеттерге «жаңа» қытай миграциясының толқыны әсер етті. Бұл мемлекеттерге деген «жаңа» қытай миграциясының ағымы осы мемлекеттер мен Қытай арасындағы экономикалық ынтымақтастықтың даму деңгейіне қарай өсуде. Бұл ондағы қытай диаспорасының кеңеюіне және олардың Қытаймен байланысының нығаюына ықпалын тигізеді.

Дәстүрлі этникалық қытайлар өмір сүретін мемлекеттер біршама деңгейде жаңа миграцияның ықпалына ұшырады. ҚХР-дан жаңа миграция ағымы ешқандай әсер етпеген Оңтүстік-Шығыс Азиядағы бірден бір мемлекет Индонезия болды. Индонезияда тұратын қытайлар негізінен XX ғасырдың басына дейін онда қоныс аударған қытайлардың ұрпағы болып табылады. Индонезияға 1990 жылдары қоныс аударған қытай мигранттарының көпшілігі қаржы салымы үшін мүмкіндіктер іздеген тайвандық инвесторлар болды.

Жеке мемлекеттерде қытай халқының үлесі азаю үрдісінде. Осылайша, соңғы онжылдықта Малайзияда халықтың жалпы санындағы қытайлар үлесі Қытайдан «жаңа» мигранттардың ағымына қарамастан азаюда, 1957 жылы ол 37%-ды құраса, 1990 жылы 32%, 2000 жылдардың ортасында 26%-ға дейін түсті. Брунейде этникалық қытайлар 1990 жылы халықтың 25%-ын құраса, 2010 жылы 11,2%-ға дейін азайды.[5] Жоғарыда көрсетілген тенденция әр мемлекетте түрлі себептерге байланысты туындап отыр. Брунейде бұл үкімет тарапынан этникалық қытайларға қатысты қолайсыз саясатқа байланысты. Ал Малайзияда малай халқының жоғары өсу темпімен жүруде.

Мұның басты себептерінің бірі қабылдаушы елдің иммиграциялық саясаты мен жергілікті халық арасындағы қатынастар болып табылады. Бұл жағдай қытай мигранттарының келген қоғамына ассимиляциялану деңгейіне байланысты қаралады. Сонымен қатар ассимиляциялану қытай мигранттары үшін негізгі кедергілердің біріне жатады.

Оңтүстік-Шығыс Азиядағы қытайлардың жалпы ұқсастығына қарамастан, ассимиляция деңгейі мен қоғамдағы орнына қарай бірқатар ерекше моделдерді бөліп көрсетуге болады: ассимиляцияланбаған (Индонезия, Малайзия), ассимиляцияланған (Тайланд, Филиппин, Вьетнам), басымдық жағдайдағы қытайлар (Сингапур).

Этникалық қытайлардың ассимиляциялануының төмен деңгейі оларға қатысты жергілікті үкіметтің жүргізетін саясатының тікелей себебі болды. Тәуелсіздігін алғаннан соң Малайзияда үкімет елдегі қытай халқын шеттетіп, малай ұлтының бірегейлігін қалыптастыру саясатын белсенді жүргізіп, бұл саясат нәтижесінде қытай анклавтарының пайда болуына алып келген. Қытайлардың қоғамның негізгі бөлігінен бөлінуі діни факторлармен де сипатталады. Малайзияның көпшілік бөлігі ислам дінін ұстанса, көптеген қытайлар христиандар болып табылады. Бұл этникааралық неке қиюда маңызды мәселе туындатып, қытайлардың жергілікті қоғамға енуіне кедергі келтіреді.

Индонезияда қытайларға деген дәстүрлі сенімсіздігінен 1966 жылы этникалық қытайларға жаппай қудалау орын алды, бұл жарты миллионнан

астам қытай өкілдерінің қаза болуымен аяқталды. Кейіннен қабылданған антиқытайлық заң жергілікті халық пен этникалық қытайлар арасында олардың ассимиляциялануына жол бермейтін бөлуші шекара қалыптастырды. Тіпті азаматтық алу да ұзақ уақыт бойына мәселелі сұрақ болды: 1960 жылдары Индонезияда тұрып жатқан қытайлардың 50% индонезиялық азаматтыққа ие болмады. Тек қана 1970 жылдардың соңында Индонезияда қытайлар үшін азаматтық құқығын алу аздап жеңілдетілген болатын. Алайда бұл уақытта бөлінген және жабық қытай диаспорасы пайда болған еді. 1970 жылдары қытай мектептері мен қытай баспасөзіне тыйым салынуы қытай тілінде сөйлейтін адамдар санының азаюына әкелгенімен, Индонезиядағы кешегі қытай мигранттарының жергілікті халықпен ассимиляциялануына әсерін тигізе алмады.

Индонезиядағы этникалық қытайларды екі топқа бөліп қарастыруға болады: «перанакан» – негізгі топ XX ғасырдың ортасына дейін келген мигранттардың ұрпағы; «тоток» – бірінші және екінші буындағы қытайлар. «Перанакан» индонезиялық тілде сөйлейді және бірқатар ассимиляцияланған, ал «тоток» қытай тілінде сөйлеп, қытай мәдениетін белсенді қолдайды. Ескеретін жайт, Индонезияда туындаған «перанакан» ұғымы Оңтүстік – Шығыс Азияда кеңінен қолданысқа енді. Қазіргі таңда зерттеушілер «перанакан» ұғымын барлық Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттеріндегі этникалық қытайлар мен жергілікті ұлт өкілдері арасындағы аралас некеден туылған балаларды атауда қолданады [6].

Тайландағы қытай мигранттары басқа елдердегіге қарағанда жоғары деңгейде ассимиляцияланған. Бангкокта чайна-таундардың болғанына қарамастан, көптеген қытайлар қалада шашыраңқы тұрады. Олардың көпшілігі тай есімдерін алып, қытай тілінде сөйлемейді. Тайландағы этникалық қытайлар ауқатты және күшті, олар жергілікті халықтан этникалық емес, экономикалық сипатына қарай ерекшеленеді. Тайланда қытайлардың екі тобы пайда болды: қытайша сөйлейтін қытайлар және тай тілінде сөйлейтін қытайлар «лук цын». Тайланда жоғары этникааралық некелер нәтижесінде «перакандар» қалыптасып, дәстүрлі «гуанси» жүйесі де сақталып қалған (отбасылық иерархия).

Филиппиндегі ассимиляция директивті тәртіпте жүргізіліп, сол себептен жемісті болды. 1950-1960 жылдардағы иммигранттар филиппиндік есімдер алуға, жергілікті мәдениет пен дәстүрлерді қабылдауға міндеттеліп, сонымен қатар өздерінің бизнестері мен инвестицияларын жоғалтып алмау үшін іс жүргізу жүйесін қайта құруға мәжбүр болды. Нәтижесінде сол кезеңдегі Филиппиндегі мигранттардың көпшілік бөлігі ассимиляцияланды.

Вьетнамда 1950 жылдардың ортасынан бастап ВДР үкімет қытайлардың біртіндеп ассимиляциялануы саясатын жүргізді. 1960 жылы қытай тілі шет ел тілі статусына түсірілді. Вьетнам біріккеннен соң 1975-1976 жылдары этникалық қытайларға қатысты жүргізілетін саясат қатаңдалып, көпшілік қытайлар елден кетуге мәжбүр болды. 1975-1979 жылдар аралығында Вьетнамнан 430-460 мыңға жуық қытайлар кетіп, олардың жартысы Қытайға, ал қалған бөлігі өзге Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріне қоныс аударды.

Сингапурда этникалық қытайлар халықтың 75%-ын құрайды. Тәуелсіздік алған уақытынан бастап Сингапур үкіметі сингапур бірегейлігін қалыптастырумен айналысты. Мектептерде ағылшын тілі бірінші тіл ретінде енгізіліп, ал қытай тілін қытайлар екінші тіл ретінде оқыды. Алайда жаңа сингапур бірегейлігінің негізін қытай мәдениеті құрайды, экономикада қытай бизнес этикеті мен «гуанси» дәстүрлі жүйесі басшылық етеді.

Оңтүстік-Шығыс Азиядағы этникалық қытайлардың бірегейлігіне Қытайдың қарқынды өсуі әсер етеді. Ассимиляциядан басқа қытайлар үшін Оңтүстік-Шығыс Азиядағы маңызды мәселе жергілікті халықпен қатынасы болып табылады. Осылайша аймақ шеңберіндегі хуацяо мен шетелдік қытай диаспорасы мекендейтін елдерінде үлкен экономикалық потенциалға ие бола отырып, олардың экономикаларына тікелей қатысады. Тұрғылықты мемлекеттерінің экономикалық өмірінде ықпалға ие шетелдік қытайлар, сонымен қоса этникалық отаны Қытайдың да экономикалық дамуында көмек көрсетуші ірі шетелдік капитал көзіне айналып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Население Китая в 2014 г. // URL: <http://www.cpirc.org.cn/index.asp>
2. Чирков Е.В. Развитие миграционных процессов и становление их правового регулирования в КНР – <http://www.synologia.ru>
3. Zhuang Guotu, Wang Wangbo. Migration and Trade: The Role of Overseas Chinese in Economic Relations between China and Southeast Asia // International Journal of China Studies. 2010.Vol. 1, No. 1. P. 175.
4. The World Factbook 2010 // Central Intelligence Agency website. URL: http://www.cia.gov/library/publications/the-world-factbook/region/region_eas.html
5. Анохина Е.С. Китайские диаспоры и «новая» китайская миграция в странах Юго – Восточной Азии. // Вестник Томского Государственного Университета. №361. 2012.
6. Peranakan Globalizing Southeast Asia / ed. by L.Suryadinata. Singapore, 2010

Балаубаева Б.М. т.ғ.к, халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының доценті

Әміркұлова А.А. халықаралық қатынастар мамандығы курс студенті